

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АШЫҚ СПОРТ ИМАРАТТАРЫН ЖОБАЛАУ

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОТКРЫТЫХ
СПОРТИВНЫХ СООРУЖЕНИЙ**

ҚР ҚН 3.02-19-2014*
СН РК 3.02-19-2014*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2018

АЛҒЫ СӨЗ

- | | |
|---|---|
| 1 ӘЗІРЛЕГЕН: | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС |
| 2 ҰСЫНҒАН: | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы |
| 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН: | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап |

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 15 қарашадағы №235-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді

ПРЕДИСЛОВИЕ

- | | |
|---|---|
| 1 РАЗРАБОТАН: | АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД» |
| 2 ПРЕДСТАВЛЕН: | Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан |
| 3 УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ: | Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года. |

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 15 ноября 2018 года №235-НҚ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР.....	3
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты	3
4.2 Функционалдық талаптар	3
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
5.1 Негізгі ережелер.....	5
5.2 Құрылыстың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар	6
5.3 Өртке қарсы талаптар.....	7
5.4 Инженерлік іздестірулер.....	9
5.5 Құрылыстарды пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	9
5.5.1 Орналастыруға, учаскеге және аумаққа қойылатын талаптар	9
5.5.2 Спорт құрылыстарының көлемдік-жоспарлық шешімдеріне қойылатын талаптар	11
5.6 Инженерлік желілер мен жүйелер	16
5.6.1 Сумен қамту және канализация.....	16
5.6.2 Жылыту және желдету	17
5.6.3 Электрмен қамту және электр техникалық құрылғылар	17
5.7 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету талаптары	19
5.8 Қоршаған ортаны қорғау	20
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР.....	21
6.1 Энергия тұтынуды азайту талаптары	21
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану	21

КІРІСПЕ

Осы құжат нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасы құрылыс саласының нормативтік базасын реформалау шегінде әзірленді.

Құрылыс нормасында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы ҚР ҚН «Ашық спорт имараттарын жобалау» «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес әзірленді.

Осы құрылыс нормаларының талаптарын орындау параметрі мен қолайлы шешімдер ҚР ҚЕ «Ашық спорт имараттарын жобалау» келтірілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАҚСТАН**

АШЫҚ СПОРТ ИМАРАТТАРЫН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОТКРЫТЫХ СПОРТИВНЫХ СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары ашық спорт құрылыстарын орналастыруға, көлемдік-жоспарлық шешіміне және инженерлік қондырғыларына қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Құрылыс нормаларының талаптары жаңа ашық спорт құрылыстарын, оның ішінде жалпы білім беру мектептерінің алаңын жобалауға және салуға, сондай-ақ қолданыстағы ашық спорт құрылыстарын кеңейтуге, реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтауға таратылады.

1.3 Осы құрылыс нормаларында ұлттық спорт түрлеріне арналған құрылыстарды жобалау мәселелері қамтылған.

1.4 Қолданыстағы спорт құрылыстарының немесе жекелеген үй-жайлардың функционалдық мақсаты өзгерген кезде оларға осы құрылыстардың немесе үй-жайдың жаңа мақатына сәйкес қолданыстағы мемлекеттік нормативтер қолданылуы тиіс.

***2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал, терроризмге қарсы объектілерді қорғау жүйесіне қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Тұрғын үйді және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

ҚР ҚН 3.02-19-2014*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидалары.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидалары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттарда, бөлмелер мен құрылыстарда өрт кезінде адамдарды ақпараттандыру және эвакуациялауды басқару автоматтандырылған өрт белгілері мен автоматтандырылған өрт сөндіру жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 1.02-02-2013 Құрылысқа арналған инженерлік іздестірулер. Сейсмикалық шағын аудандастыру. Жалпы ережелер.

ҚР ҚН 2.01-01-2013 Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау.

ҚР ҚН 2.02-02-2012 Ғимараттар мен имараттардың өрттік автоматикасы.

ҚР ҚН 2.03-01-2011 Аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 2.04-03-2011 Ғимараттардың жылу қорғанысы.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.02-18-2013 Жабық спорт залдары.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 4.04-07-2013 Электр техникалық құрылғылар.

ҚР ҚН 5.01-02-2013 Ғимараттар мен имараттардың негіздері.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жасалған және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналына сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі» ақпараттық каталог бойынша сілтемелік құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме жасалған ереже, сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

(Өзгерт.ред. – ҚТҰКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

*Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық*):

3.1 **Арена:** Трибуналар бар спорт құрылысы.

3.2 **Қауіпсіздік аймағы (жүгіру):** Жаттығушыларға қауіпті кедергілер немесе заттар болмайтын қауіпсіздік аймағы.

3.3 **Люк:** Трибуна (немесе пандуспен) арқылы өтетін көлденең орналасқан өткел; жабық құрылыстарда фойе немесе вестибюль жақтан кіретін есік болады.

3.4 **Ойын алаңы:** Сыртқы белгі сызықтар жүргізіліп шектелген, қандай да бір спорт ойынына арналған алаң бөлігі.

3.5 **Спорт ядросы:** Айналып жүгіруге арналған жеңіл атлетика жолымен, ядро итеретін, жеңіл атлетикалық секіру, диск, тоқпақ, найза лақтыру орындарымен қоршалған, футбол алаңынан тұратын жазық спорт құрылысы.

3.6 **Спорт аренасы:** Көрермендерге арналған трибунасы бар, спорт сайыстарын өткізуге арналған ашық аспан астындағы немесе үй-жайдағы алаң.

3.7 **Мәре жармасы:** Мәре сызығымен және бойымен өтетін тігінен орналасқан жазықтық.

3.8 **Ашық тир:** Оқ ату аймағы оқ қабылданатын және жан-жақтағы біліктермен қоршалған, ал сыртында қауіпсіздік аймағы («оқ ату алаңы») қарастырылатын тир.

3.9 **Денсаулық соқпақ жолы:** Жалпы дамыту жаттығуларына арналған снарядтар орналасқан еркін конфигурациядағы тұйық жиегі бар, сауығып жүгіруге және жүруге арналған жол.

3.10 **Элинг:** Қайықтар, ескектер және қайықтар жарақтары сақталатын ғимарат (үй-жай).

4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Нормативтік талаптардың мақсаты – сабақтар, жаттығулар, жарыстар, сондай-ақ жергілікті командаларға, сондай-ақ өрт, санитарлық-гигиеналық, эргономикалық талаптарды, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірудің қолайсыз тәуекелдіктердің туындауына жол бермейтін конструкциялардың сенімділігі мен орнықтылығын ескере отырып, чемпионаттар өткізуге арналған ашық спорт құрылыстарын жобалау және салу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Спорт құрылыстары механикалық бүлінусіз ықтимал әсерге төзімді болуы және қажетті сенімділікпен құрылыс барысында және жобалық мерзім бойында талап етілетін

пайдалану көрсеткіштерін сақтауы тиіс.

4.2.2 Ашық спорт құрылыстары адамдардың эвакуациялануын, адамдардың өрт жайлы уақытында хабардар етілуін, қауіпсіз жолдар мен шығатын есіктерді, сонымен қатар өрттің барынша аз уақыттың ішінде ауыздықтауды қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.3 Құрылыстар спортшыларға, келушілерге, көрермендерге арналған аймақтарға бөлінетін кеңістіктің, спорт командалары ойын көрсететін алаңдар, әртүрлі техникалық үй-жайлар мен кеңселер блогының функционалдық мақсаттылығын ескере отырып салынуы тиіс.

4.2.4 Ашық спорт құрылыстары қала құрылысы талаптарын, көлік қоятын орындарды жасау, құрылыс маңайының аумағын көріктендіру, ыңғайлы кірме жолдарды ескере отырып жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.5 Ашық спорт құрылысы жаттығулар алаңын, жабындарды әрлеу, спорт ассоциациясының барлық талаптарына сәйкес қоршау конструкцияларды қауіпсіз шынылау мен безендіру үшін әртүрлі заманауи материалдарды қолдану арқылы жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.6 Сумен жабдықтау жүйелері мен су құбырының ішкі жүйелері судың үзбей әрі талап етілетін мөлшерде берілуін қамтамасыз ету және судың ағылуы мен ластануына жол бермеу тиіс.

4.2.7 Құрылыс үй-жайларының жасанды жарықтандырылуы мен табиғи инсоляциясы қалыпты жағдайда жаттығуына және адамның денсаулығына қауіп төнуіне жол бермеуіне жағдай жасауы қажет.

4.2.8 Спортшылар мен келушілердің, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құрылыс аумағында жүріп-тұруы үшін баспалдақтардың, ойықтардың, көлбеу беткейлердің (пандустардың) болуын және олардың әртүрлі биіктікте болуын, аласа орналасқан элементтердің болуын, сондай-ақ көлік қозғалысын ескере отырып ыңғайлы әрі қауіпсіз болуы тиіс.

4.2.9 Спорт құрылыстарының құрылысы экологиялық талаптарды сақтауды, сондай-ақ табиғи ландшафты барынша сақтауды, аумақты кешенді көгалдандыру мен көріктендіруді ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

4.2.10 Құрылыстар табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды, атап айтқанда құрылыс конструкцияларын, материалдарды және бөлшектерді екінші рет қолдануды, экологиялық үйлесімді және қайталама материалдарды пайдалануды ескере отырып жобалануы тиіс.

*4.2.11 Ашық спорт құрылыстарын жобалау кезеңінде объектінің Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал, объектілері тізіміне жататынын анықтау және объектінің терроризмге қарсы қорғаудың тиісті жүйесін жасау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес шаралар қабылдау қажет *(Толықтырылды – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық).*

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Негізгі ережелер

5.1.1 Ашық спорт құрылыстарын «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне, «Тұрғын және басқа да үй-жайларды, қоғамдық ғимараттарды ұстау мен пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелеріне және жобалауға, құрылысқа және пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейтін басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жобалау қажет.

5.1.2 Спорт құрылыстарын салған кезде өнімдер қауіпсіздігін айғақтайтын сәйкестік сертификаттары бар материалдар мен қондырғылар пайдаланылуы тиіс.

5.1.3 Ашық спорт құрылыстарының және жауапкершілік деңгейі бойынша алаңдардың жіктемесін салынатын объектінің қуаттылығына байланысты және Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық күрделі объектілерге жатқызу ережесіне сәйкес қабылдау қажет.

5.1.4 Ашық спорт құрылыстарына мыналарды жатқызу керек:

- а) жазғы спорт түрлері бойынша:
 - спорттық сабақтарға арналған жазық пен алаң: бадминтон, баскетбол, волейбол, городки, регби, теннис, үстел теннисі, футбол, шөптегі хоккей;
 - сауықтыру сабақтарына арналған жазық пен алаң: кегли (бір жол), крокет, шағын бейсбол, шағын - баскетбол, шағын - волейбол, шағын - гольф, шағын - футбол;
 - спорттық сабақтарға арналған жолдар мен тасжолдар: шаңғы роллері, кросстар;
 - дене шынықтыру – сауықтыру сабақтарына арналған жолдар мен тасжолдар: велосипед, денсаулық, сауықтырушылық жүгіру мен жүру;
- б) қысқы спорт түрлері бойынша:
 - спорттық сабақтарға арналған жазық пен алаң: конькимен мәнерлеп сырғанау, хоккей, допты хоккей;
 - дене шынықтыру – сауықтыру сабақтарына арналған жазық пен алаң: керлинг, конькимен бұқаралық сырғанау, сырғанауды жаңадан бастағандар, конькимен мәнерлеп сырғанау;
 - спорттық сабақтарға арналған жолдар мен тасжолдар: шаңғы спорты, конькимен жылдамдыққа жүгіру;
 - дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарына арналған жолдар: денсаулық, сауықтыру жүгіруі және жүру, шаңғымен сырғанау.

5.1.5 Жазғы спорт түріне арналған ашық спорт құрылыстарында шардероб үй-жайы, әйелдер мен ерлерге арналған жеке киім ілетін бөлме, дәретхана, әкімшілік-шаруашылық үй-жай (нұсқаушы, дәрігер және т. б. бөлмесі), қажет жағдайда көрермендерге арналған орын болуы тиіс. Елді мекендердегі ашық алаңдарда бұқаралық дене шынықтыру шараларын өткізген кезде биодәретханаларды пайдалану қажет.

5.1.6 Ашық спорт құрылыстарының арнайы жабыны тегіс, үстіңгі беті сырғанақ емес, шаңдамайтын және жарақаттануға алып келуі мүмкін бөгде механикалық қоспалар құрамынсыз болуы тиіс. Футбол алаңына арналған шөп жамылғысы орнықты болуы,

тұрақты қырқылуы, суарылуы және жиналуы тиіс.

Ашық спорт құрылыстары алаңының жабынын жобаланатын алаңның пайдалану мақсаты мен сипатының ерекшелігін ескере отырып, спорт түрлері бойынша ережеге сәйкес орнату керек.

5.1.7 Спорт құрылыстары инженерлік жүйелерге қойылатын орындалуы міндетті талаптарды белгілейтін қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орталықтандырылған суық, ыстық сумен жабдықтау, канализация, жылыту, табиғи және механикалық ауа тарту-жіберу желдеткіші, табиғи және жасанды жарықтандыру жүйелерімен жабдыкталуы қажет.

5.1.8 Спорт құрылыстарында жақсы көрінушілікті жасау мақсатында табиғи және жасанды жарық беру жүйелерін ҚР ҚН 2.04-01 талаптарына сәйкес жобалау керек.

5.1.9 Электр қуатының берілуінде үзілістерді болдырмау үшін стадион бір-біріне байланысты әртүрлі жарық көздерімен жабдыкталуы қажет.

5.1.10 Тәуелсіз энергия көздерінің екеуі де істен шыққан жағдайда, апатты жағдайда электр қуатымен қамтамасыз ету үшін апаттық генератор қарастыру қажет.

5.1.11 Негізі үй-жай топтарын (келушілерге арналған, әкімшілік, қойма, қызметтік-тұрмыстық) олардың қызметтік мақсатына сәйкес орналастыру қажет.

*5.1.12 Ашық спорт құрылыстарын терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету құрылыстың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылуы тиіс (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық*).

*5.1.13 Ашық спорттық құрылыстарының (жаппай бару) шекара аумағының шегінде объектіге кіру нүктесіне дейін қауіпсіздік, бейне камералар, жарықтандыру және әрбір нақты жағдайда орнатылған басқа да қауіпсіздік шаралары арқылы қару-жарақ, жарылғыш заттар мен оқ-дәрілерге арналған орынды қадағалау қамтамасыз етіледі.

Жүйе мен құралдарды қорғау дабыл жүйесімен, кіруді бақылау жүйесімен, ескерту жүйесі мен құралдарымен, теледидарлық бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық*).

5.2 Құрылыстың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.2.1 Құрылыстарды жобалау кезінде олардың механикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында келтірілетін жүктеменің барлық ықтимал түрлері мен олардың үйлесімі ескерілуі керек.

5.2.2 Болжамдық қызмет ету мерзіміне қарағанда, қызмет ету мерзімі аз спорт құрылыстарының элементтері, бөлшектері мен қондырғылары жобада белгіленген жөндеу аралық кезеңге сәйкес ауыстыруы тиіс. Жөндеу аралық кезеңді тиісті ұлғайту немесе азайту кезінде барынша аз немесе көп мерзімді элементтерлі, материалдарды немесе қондырғыларды қолдану туралы шешім техника-экономикалық есептермен белгіленеді.

5.2.3 Талап етілетін ұзақ мерзімділікті қамтамасыз ету үшін спорт құрылыстарын жобалаған кезде төмендегілерді ескеру қажет:

а) мақсаты бойынша пайдалану шартын;

б) қоршаған ортаға есептік әсерін;

в) қолданылатын материалдардың қасиетін, оларды ортаның кері әсерінен қорғаудың ықтимал құралдарын, сондай-ақ олардың қасиетінің төмендеу мүмкіндігін.

5.2.4 Ашық спорт құрылыстарын, тау шаңғысы жолын және ылдиларды, оның ішінде сейсмикалық аудандарда жобалау және салу қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес сенімділік пен орнықтылық бойынша талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

5.2.5 Құрылыстар мен ашық алаңдарды күрделі, сондай-ақ өндеуге, отыруға және аяздан ісінуді қоса алғанда, топырақтың басқа да жылжуына ұшыраған қолайсыз геологиялық жағдайдағы аудандарда салған және орнатқан кезде, негіздің ықтимал деформациясын өтеу қажеттілігі мақсатында ҚР ҚН 2.03-01 талаптарын орындау керек.

5.2.6 Конструкциялар мен бөлшектер ҚР ҚН 2.01-01 сәйкес ылғалдың, төмен температураның, агрессивті ортаның, биологиялық және басқа да қолайсыз факторлардың ықтимал әсеріне төзімді материалдардан орындалуы керек.

5.2.7 Ашық спорт құрылыстарының талап етілетін ұзақ мерзімді қызмет етуін қамтамасыз ету үшін жобалау кезінде:

- мақсаты бойынша пайдалану шарттарын;

- қоршаған ортаның есептелген ықпалын;

- қолданылатын материалдардың қасиеттерін, оларды ортаның кері әсерінен қорғайтын ықтимал құралдарды, сондай-ақ қасиеттерінің азаю мүмкіншілігін ескеру керек.

5.2.8 Құрылыстың қызметтік мақсаты мен конструктивтік шешіміне сәйкес келетін жүктеме түрлерімен қатар климаттық, ал қажет болған жағдайда технологиялық әсерлер, сондай-ақ құрылыс конструкциялары мен негіздің деформациялануынан болатын күшті ескеру керек.

5.2.9 Құрылыстарды жобалау кезінде уақыт циклына қарай өзгеретін кернеу мен деформацияның ұзақ әсерінен материалдың механикалық және физикалық қасиеттерінің өзгеруіне әкелетін факторлар ескерілуі керек.

5.2.10 Құрама элементтердің түйісетін бірігулері мен көп қабатты конструкциялар негіздер біркелкі шөкпегенде және басқа да пайдалану әсерлері кезінде болатын температуралық деформация мен күштің қабылдауына есептелуі тиіс.

Түйіспелерде қолданылатын нығыздайтын және герметиктейтін материалдар теріс әсері бар температуралар кезінде және су тигенде нығыздық және адгезиялық қасиеттерін сақтау және ультракүлгін сәулелерге төзімді болу қажет. Герметиктейтін материалдар беттескен тұстарда конструкциялардың қорғайтын және қорғайтын-сәндік жабындардың материалдарына үйлесімді болуы керек.

5.3 Өртке қарсы талаптар

5.3.1 Ашық спорт және дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарын жобалаған кезде «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде

адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптардың» техникалық регламентінің, ҚР ҚН 2.02-02 және осы құрылыс нормаларының талаптарын сақтау қажет.

5.3.2 Құрылыстан шығатын эвакуациялық жолдар үй-жайдағы және аумақтағы барлық адамдардың қауіпсіз шығуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.3 Арнайы эвакуациялау жолақтары мен алаңдарының анық көрінетін контрастты белгілеулері, дабыстық сигнализациясы және кешкі уақытта жарықтандырылып отыратын ақпараттық белгілер мен стендтер болуы керек.

5.3.4 Ашық спорт құрылыстарын жобалаған уақытта спорт жабдықтарының қолданылуының ескерілуімен жаттығушылар мен көрермендердің, трибуналар мен көрермендердің, құрылыс конструкциялары мен материалдардың өрт қауіпсіздігін, сонымен қатар қосалқы үй-жайлардың көлемдік-жоспарлық шешімдерін қамтамасыз етуі керек.

5.3.5 Ашық спорт құрылыстары трибуналарының астында орналасатын үй-жайлар мен трибуналардың арасы трибуна асты үй-жайларынан трибуналарға немесе залға шығуға (кіруге) арналған өздігінен жабылатын есік жабындарымен жарақталған ойықтары (есіктері немесе люклары) бар өртке қарсы арақабырғалармен бөлінуі тиіс.

5.3.6 Құрылыстардың функционалдық өрт қаупі және отқа төзімділік дәрежесі бойынша әр басқа бөліктерінің арасы отқа төзімділік шектерімен және конструктивтік өрт шығу қаупі кластарымен нормаланатын қоршайтын конструкциялармен немесе өртке қарсы кедергілермен бөлінуі керек.

5.3.7 Функционалдық өрт қаупі әртүрлі өрт бөліктері жеке эвакуациялық шығу есіктерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.3.8 Қару, оқ-дәрі сақталатын қоймалар мен қару шеберханасы өзге үй-жайлардан жанбайтын материалдардан жасалған қабырғалармен бөлінуі тиіс.

5.3.9 Оқ ату тирларын трибуна астындағы кеңістікке орналастырған уақытта оқ-дәрі сақталатын қоймалар трибуна астындағы осы кеңістік аумағынан шығуы тиіс.

5.3.10 Ашық спорт алаңдарындағы көрермендерге арналған орындар блоктарға бөлінуі керек.

5.3.11 Эвакуациялау жолдарындағы (дәліздердегі, холдардағы, вестибюльдердегі, фойедегі) қабырғалардың, төбелер мен жабындардың жанбайтын материалдармен әрленуін қарастыру қажет.

5.3.12 Үй-жайлардың, сыртқы қоршаулардың, қондырғылар мен коммуникациялардың жылу және дыбыс окшаулауын жанбайтын материалдардан болуын қарастыру қажет.

5.3.13 Көрермендерді эвакуациялау жолдарындағы жабындардың беті жаңбыр мен қардың әсерінен тайғақ болмауы керек.

5.3.14 Ашық құрылыстарда люктер арқылы эвакуациялау жолы көлденең болуы немесе пандус арқылы өтуі тиіс.

5.3.15 Эвакуациялау үшін сыртқа шығатын есіктер, басқыш шабағы мен сыртқа шығатын есіктер эвакуациялау кезінде адамдардың қозғалыс бағыты бойынша ашылып, өрт кезінде жабылу үшін автоматты құрылғылармен, есіктің шығыңқы жерлеріндегі нығыздаулармен жабдыкталуы керек.

5.3.16 Су құбыры желісіндегі қысымды арттыру үшін сорғы станциясын және қажет болған жағдайда, өртке қарсы су қоры сақталатын резервуарларды қарастыру қажет.

Қосылатын жерлерде кері бұрау клапандары мен өзге де бекіту-реттеу арматурасын орнату керек.

5.3.17 Сорғылардың түрі мен жұмыс агрегаттарының санын өрт сөндіру жағдайларын ескере отырып жүргізілген есептер негізінде таңдау қажет.

5.4 Инженерлік іздестірулер

5.4.1 Ашық спорт құрылыстарын жобалау үшін инженерлік іздестіру жүргізген кезде іздестіру жүргізу жөніндегі қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың міндетті талаптарының орындалуын қамтамасыз ету қажет.

5.4.2 Құрылыстың іргетасы мен негізі ҚР ҚН 5.01-02 талаптарына сәйкес көтергіш және қоршау конструкциялардың өз салмағынан болатын тұрақты жүктемелерді қабылдауға есептелуі тиіс.

5.4.3 Ашық спорт құрылыстарын сейсмикалық аймақта жобалағанда ҚР ҚН 1.02-02 талаптарын орындау міндетті.

5.4.4 Инженерлік іздестірудің құрамы мен көлемі жобалау сатысына, табиғат жағдайларына және жобаланып отырған объектінің сипатына сай іздестіру бағдарламасымен белгіленуі керек.

5.4.5 Инженерлік іздестірулер инженерлік-геодезиялық, инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық материалдар мен ашық спорт құрылыстарын жобалауға арналған жобалау алды және жұмыс құжаттамасын әзірлеуге қажетті әрі жеткілікті деректердің алынуын қамтамасыз ету қажет.

5.4.6 Іздестіру бағдарламасы іздестіру барысында қоршаған ортаның ластануына жол бермей, инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрометеорологиялық ізденістермен бірге жобаланып отырған құрылыстың құрылысын салу және оны пайдалану әсерінен табиғат ортасының өзгеруіне болжам жасау үшін қажетті деректер мен ақпараттың алыну мүмкіншілігін, сондай-ақ табиғат ортасын қорғау шараларының белгіленуін және осы фактордың ескерілуін, құрылыс бағасының анықталуын қамтамасыз ету керек.

5.5 Құрылыстарды пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.5.1 Орналастыруға, учаскеге және аумаққа қойылатын талаптар

5.5.1.1 Ашық спорт құрылыстарын ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына және осы құрылыс нормаларына сай келетін құрылысқа қолайлы және оқшау жер телімдеріне орналастыру қажет.

5.5.1.2 Құрылыстарды орналастыру кәсіпорындардың санитарлық-қорғаныс аймақтарын, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер ету объектілері болып

табылатын өзге де ғимараттарды ұйымдастыруға талаптар белгілейтін нормативтік құжаттарға сай келуі тиіс.

5.5.1.3 Дене шынықтыру-спорт құрылыстарының жер телімінің аумағы көгалдандырылуы, жарықтандырылуы және тазалықта ұсталуы тиіс.

5.5.1.4 Ашық спорт құрылыстары бас жоспарларының композициясы сол жердің жер бедерінің, қала құрылысы талаптарының, құрылыстың мақсатына қатысты талаптардың және нақты жергілікті жағдайларды ескере отырып, аумақты функционалдық аймақтарға бөлу негізінде шешілуі керек.

5.5.1.5 Ашық спорт құрылыстарының аумағы ішкі коммуникациялар жүйесімен біріктірілген дене шынықтырумен және спортпен айналысатын негізгі аймақтарға, қызмет көрсету және демалу аймақтарына бөлінуі керек.

5.5.1.6 Ашық жазық дене шынықтыру-спорт және дене шынықтыру-рекреациялық құрылыстардың (ойын алаңдары, ойын алаңқайлары, спорт жарыстары өтетін орындар) қала құрылысы параметрлері спорттың тиісті түрлерінің ережелеріне сәйкес белгіленеді және жобалау кезінде міндетті болып табылады.

5.5.1.7 Ашық спорт құрылыстары бас жоспарының шешімі, негізгі, қосалқы және шаруашылық кіру есіктерінің және ішкі коммуникациялардың орналасуы елді мекеннің айналадағы аумағының көше және көлік желісінің жоспарламасымен байланысты болуы тиіс.

5.5.1.8 Еркін құрастырманы пайдалану кезінде инженерлік желілердің, жаяу жүргіншілер мен көлік коммуникацияларының ұзақтығын, жасанды жабындар ауданын ұлғайту және құрылыс үшін бөлінген учаскелерді игеруге байланысты басқа да шығындар есебінен құрылыстың қымбаттауына жол бермей, қабылданған шешімдердің техника-экономикалық бағасын ескеру қажет.

5.5.1.9 Ашық спорт құрылыстарына жер бедерінің еңісі барынша аз учаскелерде жазықты спорт құрылыстарын, табиғи суқоймаларында су станцияларын, ал трибуналарды табиғи дөңдерге орнатуға мүмкіндік беретін жақсы көгалдандырылған аумақтарды пайдалану қажет.

5.5.1.10 Табиғи жер бедері, жасыл желектер және жасанды құрылыстардың қабылданған өзара орналасуы дене шынықтырушылар мен көрермендерді көзге шағылысатын күннен, күшті желден және айналадағы аумақтарға коқыстың әкелінуінен қорғауы тиіс.

5.5.1.11 Трибуналарды орналастыру үшін аймақтың табиғи еңісті жерлерін пайдалана отырып, төменде орналасқан негізгі жазық спорт құрылыстарына ағуы мүмкін беткі суларды бұру қажеттілігіне байланысты шараларды қарастыру керек.

5.5.1.12 Спорт алаңдарының спорт түріне байланысты белгілі бір қорғаныш қоршауы болуы керек.

5.5.1.13 Спорт алаңдарын (алаңқайларын) топтастырған уақытта олардың спорт түрлері бойынша біріктіру керек.

5.5.1.14 Ашық спорт құрылыстарының аумағындағы ғимараттар мен құрылыстар тиісті нормалармен реттелетін қажетті санитарлық және өртке қарсы аралықтардың сақталуы арқылы бір-біріне сай орналастырылады.

5.5.1.15 Орналастыруға қойылатын арнайы талабы бар спорт кешендері (автодромдар, вело және мототректер, жылқы спорты клубтары, салт атпен жүру манежері, ипподромдар, яхт-клубтар, шаңғы, ескек есу базалары және т. б.) жергілікті жағдайды ескере отырып, тиісті нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сай жобаланады.

5.5.1.16 Біріктірілген ашық жазық дене шынықтыру-спорт құрылыстарын жалпы білім беру мектептерінің учаскелерінде жобалаған уақытта сынып бөлмелері жақтан ашық құрылыстарды орналастыруға жол берілмейді.

5.5.1.17 Біржолғы өткізу қабілеті ең жоғары спорт алаңдары (немесе алаңдар тобы), сондай-ақ қыс мезгілінде көпшілікке арналған сырғанақ жасауға арналған алаңдар (алаңқайлар) қызмет көрсету үй-жайларына (киім ілетін орындарға және т. б.) барынша жақын орналастырылуы қажет.

5.5.1.18 Қызмет көрсету аймағы дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын негізгі аймақтармен және қаланың қосымша магистральдарына шығатын қызметтік кіреберіс жермен (немесе көліктердің кірулерімен) ыңғайлы байланысты болуы керек.

5.5.1.19 Көлік жүретін жолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарының спорт кешенінің жер телімінде орналасқан барлық құрылыстарда болуын қарастыру керек.

5.5.1.20 Көлік жүретін жолдардың жаңартылған, жеңілдетілген немесе күрделі жабыны болуы тиіс. Жаяу жүргіншілер жолдарының жабын түрі нормаланбайды.

5.5.1.21 Ашық жазық құрылыстарды жобалаған уақытта беткі су бұруды қамтамасыз ету үшін және дренаждау жағдайларын жақсарту үшін құрылыс аумағынан тыс жерде жауын сулары жиналатын (жер бедерімен, су бұру лотоктарына немесе дренажды шұңқырларға) нормативтік еңістер қарастырылуы керек.

5.5.1.22 Спортшылардың және демалушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін табиғи кедергілер арқылы (автокөлік жолдары, теміржолдар), сондай-ақ қатпайтын немесе қатты қатпайтын өзен-көлдер мен бұталар мен ағаштар қалың өсіп тұрған учаскелер арқылы трассалар жүргізуге жол берілмейді.

5.5.1.23 Жарыстар өткізуге арналған шаңғымен жылдамдықпен түсу және слалом-гигант базаларында, шаңғымен қару және биатлон трассаларында старт пен мәре орындарының, сондай-ақ аралық бақылау пункттерінің, медицина және тауда құтқару қызметінің кезекші қызметкерлері отыратын үй-жайлардың, жаттықтырушы трибуналарының және төрешілер отыратын орынның арасында техникалық байланыс құралдары қарастырылуы керек.

5.5.1.24 Ипподром құрылыстарының арасындағы қашықтықты, егер технологиялық, ветеринарлық және жоспарлау талаптарына байланысты оларды ұлғайту қажеттігі туындамаса, өртке қарсы бос аралықтарға тең қабылдау керек.

5.5.2 Ашық спорт құрылыстарының көлемдік-жоспарлық шешімдеріне қойылатын талаптар

5.5.2.1.1 Шаңғы базаларына арналған учаскені таңдаған уақытта спорт трассалары (тау шаңғысы, шаңғы жарысына биатлонға арналған) бір-бірімен қиылыспайтындай

болуы керек, сондай-ақ көпшіліктің сырғанауына және туристік сырғанаққа арналған трассалар болуы керек.

5.5.2.1.2 Шаңғы жарысы мен атып жарысуға (биатлон) арналған трассалар қиылысқан жермен төселу және олардың жарыс ережелеріне сай келетін ауысатын биіктіктері, жоғары көтерілетін тұстары, тегіс учаскелері мен төмен қарай түсетін жерлері болуы тиіс.

5.5.2.1.3 Тау шаңғысы трассаларының старттарына көлденең орналасқан старт алаңдары орнатылуы қажет.

5.5.2.1.4 Тау шаңғысы трассаларының мәресінен кейін тегіс, кедергілер жоқ тоқтау алаңдарын орнату керек.

5.5.2.1.5 Тау шаңғысы трассалары мен көпшіліктің таудан сырғанап түсуіне арналған учаскелер қар көшкіні болу қауіпі жоқ және тау шаңғышыларына қауіп төндіретін кедергілер болмауы керек.

5.5.2.1.6 Трамплин жасау үшін таңдалатын дөң бүйір жақтан соғатын жел мен күрткіс қардан қорғалған болуы тиіс.

5.5.2.1.7 Толықтай эстакада орналасқан трамплиндерді жобалауға жол берілмейді.

5.5.2.1.8 Слалом-гигант трассалары мен жылдамдықпен түсу трассасының бойына қосымша медицина және тауда құтқару қызметінің кезекші қызметкерлері отыратын үй-жайлардың (лашықтың) салынуын қарастыру қажет; мұндай үй-жайлардың саны трассадағы барлық қатысушылардың көріну жағдайларының және оларға жақындайтын жолдардың қамтамасыз етілуіне қарай трассаның конфигурациясына қарай айқындалады.

5.5.2.1.9 Тау шаңғысы трассалары мен трамплиндерде көтергіш құрылғылардың болуы қарастырылуы керек.

5.5.2.1.10 Шаңғы базасының ғимаратында құрылыстардың есептік өткізу қабілетіне қарай қосалқы үй-жайлар (соның ішінде спорт құрал-аспаптарын прокатқа беру орындары, киім сақтайтын бөлмелер, буфеттер, душтар, дәретханалар және т. б.) орналастыру қажет.

5.5.2.1.11 Тир түрінің (ашық, жартылай ашық, жабық) таңдалуы, сондай-ақ ату орындарының саны сыйымдылығына қарай белгіленеді.

5.5.2.1.12 Ату орындарының алдындағы оқ атылатын аймақтың ені ату галереясының енінен, ал нысаналар тұрған жақта нысана сызығының бойынан кем болмауы керек.

5.5.2.1.13 Нысана сызығы ату сызығына қатар, ал нысаналар әрбір ату орнына қарама-қарсы орналастырылуы керек.

5.5.2.1.14 Оқ қармауыштар «жүгіріп бара жатқан қабанды» және бұрылатын пішінді нысаналардың үстінен жылдамдықпен атуға арналған тирлардағы ату аймағының бүкіл еніне немесе қара шеңбері бар нысаналардың үстінен ату тирларындағы әр нысана қалқанның артына орнатылады.

5.5.2.1.15 Нысана сызықтары мен оқ қармауыштар арасында нысандардың артында біркелкі ашық түстес фон жасап тұратын оңай жарып өтілетін материалдардан жасалған экран қарастыру қажет.

5.5.2.1.16 Ашық тирлерде ату галереясы жауын-шашын мен күннен қорғалу үшін төбесі жабық болып, қабырғалармен (қалқандармен) қоршалуы керек.

5.5.2.1.17 Конструкцияның, сондай-ақ қармауыштың ату аймағының ішіне қарай кіріп тұратындардың барлығы (егер рикошеттерге әкелетін материалдардан жасалған болса) ату орындарына қараған беткі жағынан рикошетке қарсы таспен қапталуы керек.

5.5.2.1.18 Ашық және жартылай ашық тирларда блиндаждар «терезелерінің» жоғарғы жағында («жүгіріп бара жатқан қабан» нысанасын ату тирларында – «терезенің» бойымен траншеяның жоғарғы жағында) блиндажды (орды) жауын-шашыннан қорғайтын алынбалы немесе жылжымалы құрылғыларды қарастыру қажет.

5.5.2.1.19 Биатлонға арналған тирлар ашық болып жобалануы керек. Ату алаңы (тир), старт, мәре және айып шеңбері тұтас кешен болуы тиіс.

5.5.2.1.20 Ескек есу спортының түрі (түрлері) бойынша мақсатына байланысты базаларды академиялық есу үшін немесе байдаркалар мен каноэде есу үшін немесе халықтық не әмбебап (есудің бірнеше түріне арналған) есу үшін жобалау қажет.

5.5.2.1.21 Академиялық есуге арналған спорт құрылғысы құрлық пен суда жыл бойы оқу-жаттығу процессін және академиялық есу бойынша арнаулы дене шынықтыру-спорт шараларын өткізуге мүмкіндік беретін арнайы конструкцияланған, салынған және жабдықталған құрылыстардың тұтас композициялық кешені болуы тиіс.

5.5.2.1.22 Есу базаларындағы жер бұру көлемі барлық инфрақұрылымдардың жұмысын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы керек.

5.5.2.1.23 Жыл бойы жұмыс істейтін есу базаларында академиялық есу және (немесе) байдаркалар мен каноэде есу үшін есу бассейндері залдарының болуын қарастыру қажет.

Есу бассейндері залдары қоршау конструкцияларының ішкі беті ылғалға төзімді, ал еденінің беті тайғақ болмауы керек.

5.5.2.1.24 Төрешілер отыратын мұнара мәре жармасында орналасу керек. База республикалық және одан жоғары дәрежедегі жарыстарға арналған жағдайда мұнара стационарлық болуы тиіс, оның құрамында төрешілерге арналған орындардан басқа, қосымша ақпараттандырушыға (дикторға) арналған орын (кабина) және фотомәре немесе бейнемагнитофон аппаратурасы мен оған қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған үй-жай қарастырылуы тиіс.

5.5.2.1.25 Эллингтер бөлек құрылыс болады немесе спорттың есу түрлеріне арналған спорт құрылысына кіреді.

5.5.2.1.26 Жобалау кезінде қайықтарды уақытша орналастыруға арналған қатты жабынды ашық алаңқайдың орналастырылуын қарастыру қажет.

5.5.2.1.27 Ашық жазық құрылыстарының құрамына: кешенді алаң, кедергілерден өту жолағы, «денсаулық жолағы» кіруі керек.

5.5.2.1.28 Көрермендерге арналған орындар аренадан (жүгіруді, қауіпсіздік аймағы мен төрешілерге арналған орындарды қоса алғанда) және көрермендер отыратын орын қатарларының бойымен эвакуациялау өткелінен қашық орналасуы қажет.

Жабық спорт құрылыстарында көрермендердің отыруына арналған уақытша орындар олардың төңкерілуіне немесе жылжып кетуіне жол бермеуі керек.

Трибуна қатарлары өткелдерінің бойымен жасалатын қоршаулар көруге кедергі келтірмеуі керек, ал бассейндерде (бірінші қатардың бойы) саңылаусыз болу қажет.

5.5.2.1.29 Спорт нысандары мен кешендерде қоғамдық дәретханалар кресло-арбалардағы мүгедектерді қоса алғанда, келушілер оңай әрі емін-еркін жете алатын аумақтарда орналасуы қажет.

5.5.2.1.30 Негізгі ойын алаңы жаттығушыларға қауіпті кедергілер немесе заттар жоқ қауіпсіздік аймақтармен (жарыс) қоршалуы тиіс.

5.5.2.1.31 Теннис, қалашықтар алаңдарының және волейбол алаңдарының допты ұстап қалау үшін тормен қоршалуын қарастыру қажет.

5.5.2.1.32 Техникалық және қосалқы үй-жайлар құрамы құрылысты инженерлік жабдықтауға байланысты анықталады, ал олардың ауданы ҚР ҚН 3.02-18 және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес есеп бойынша қабылданады.

5.5.2.1.33 Киім ауыстыратын бөлмелер бөлек болуы, жүзу бассейні мен қалыпқа келтіру орталығының қасында орналасуы тиіс. Жеке орындардың ауданы мен саны спорт құрылысының қызметтерін қатар пайдаланатын ескекшілердің санына байланысты.

5.5.2.1.34 Спорт және дене шынықтыру құрылыстарында буфеттер қарастырылуы керек. Жаттығушыларға арналған буфеттерді тамақ жылытуға мүмкіндік жасалған стационарлық, көрермендер үшін стационарлық және жылжымалы (сырттан әкелінетін) етіп жобалау қажет.

5.5.2.1.35 Көрермендерге арналған буфеттер тек стационарлы трибуналар болған жағдайда ғана қарастырылып, жылжымалы болып жасалады.

5.5.2.1.36 Жыл бойы жұмыс істейтін ашық құрылыстарда көрермендерге арналған буфеттердің қосалқы үй-жайлары жылытылатын үй-жайларда орналасуы керек.

5.5.2.1.37 Тамақтануға арналған үй-жайлар көлемі құрылыстың жалпы өткізу қабілетіне байланысты болады.

5.5.2.1.38 Шаңғыларды алуға және өткізуге арналған үй-жай шаңғы сақталатын үй-жаймен жапсарлас орналастырылуы, орталарында саңылаулар болуы керек.

5.5.2.1.39 Қару мен оқ-дәрі сақталатын қоймалардың терезелері болмауы керек, ал қару шеберханасының терезелеріне тор қойылып, ішінен бекітілетін терезе қақпақтары болуы керек.

5.5.2.1.40 Тирлардың қосалқы үй-жайларын ату павильонына орналастыру қажет.

5.5.2.1.41 Ату галереялары мен блиндаждардың құралдары мен жабдықтарын сақтауға арналған қоймалардан басқа, ату кешенінің қосалқы үй-жайларын, сондай-ақ блиндаждар жанындағы нәтижелерді анықтау комиссиясының үй-жайларын бөлек тұрған ғимаратқа орналастыру қажет.

5.5.2.1.42 Эллингтен басқа, есу базаларының қосалқы үй-жайлары бөлек тұрған ғимаратта орналасуы керек.

5.5.2.1.43 Үй-жайлардың көлемі есу базасының жалпы өткізу қабілетіне сәйкес келуі тиіс.

5.5.2.1.44 Жарыс өткізуге арналған базаларда эллингтің маңына үсті қатты, қайықтарды уақытша орналастыруға арналған ашық алаңқайдың жасалуын қарастыру қажет.

5.5.2.1.45 Эллингтердің іші мен айналасында спортшылар мен бапкерлер жауын-шашыннан қорғала алатын жабық үй-жайлар қарастырылуы тиіс.

5.5.2.1.46 Эллингтердің қайықтарды тасымалдауға арналған трейлерді оңай әрі ыңғайлы тиеуге, түсіруге, еркін қозғалуына арналған орны болу тиіс.

5.5.2.1.47 Командалардың көлік құралдарына арналған тұрақ эллингтер аймағының тура қасында ұйымдастырылуы тиіс.

5.5.2.1.48 Ықшам ауданға орналастырылатын дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған ашық жазық құрылыстар болғанда, жаттығушыларға арналған санитарлық тораптар мен жақын маңдағы ғимараттарға орналастырылатын тасымалды құрылыстар мен аспаптар сақталатын қоймаларда ғана қарастыруға жол беріледі.

5.5.2.1.49 Көпшілікке арналған ашық жазық және жабық құрылыстарда қосымша төрешілерге арналған үй-жайды, ал олар республикалық және халықаралық жарыстарды өткізуге арналған жағдайда, баспасөзге арналған үй-жайларды (баспасөз орталығы) да қарастыру қажет. Төрешілер мен баспасөзге арналған үй-жайлардың құрамы мен ауданы құрылыстың мақсатына қарай анықталады.

